

2009 жылы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 15 мамырдағы N 123 қаулысы. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 маусымда N 8-5-69 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 28 сәуірдегі N 39 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қаласы әкімдігінің 2010.04.28 N 39 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 08 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасының Президентінің 2009 жылғы 01 сәуірдегі "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 779 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қаражал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қаражал қаласының, Жәйрем, Шалғы кенттерінің аумағында 1982-1991 жылдары туған әскерге шақырылуы кейінге қалдырылған немесе шақырылудан босатылу құқығы жоқ азаматтарды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына мерзімді әскери қызметке шақыруы жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19 бабының 4 тармағына сәйкес меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және оқу орындарының, тұрғын үй пайдалану ұйымдарының және үй басқармаларының басшылары 1982-1991 жылдары туған әскерге шақырылушыларды іссапарлардан және демалыстардан кері шақырып алсын, алдағы болатын шақыру туралы хабарлап, шақыру учаскесіне уақытылы келуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 20 бабы 1 тармағы негізінде мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу үшін мынадай құрамда шақыру комиссиясы құрылсын:

Әлмағамбетов Аманғазы - Қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің
Нүркенұлы бастығы, комиссия төрағасы;
Жиенбаев Сатыбай - Қаражал қала әкімі аппаратының
Тойымбекұлы мемлекеттік-құқықтық жұмыстар
бөлімінің меңгерушісі, комиссия
төрағасының орынбасары;

КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ:

Мыңжанов Қару - Қалалық ішкі істер бөлімі
Сүлейменұлы бастығының орынбасары;
Артықбаев Рашид - Оташы-дәрігер, медициналық
Жамбырбайұлы комиссияның төрағасы;
Пушканова Наталья - Медбибі, шақыру комиссиясының
Владимировна хатшысы.

4. Әскерге шақырушылардың медициналық комиссиясы "Орталық аурухана"
Коммуналдық Мемлекеттік Қазыналық Кәсіпорынында ұйымдастырылсын,
комиссияны өткізу бас дәрігерге (А. Қабылов) жүктелсін:

1) Медициналық комиссияны қажетті дәрігерлік құралдармен, дәрігерлік
және шаруашылық мүліктермен қамтамасыз етсін;

2) Медициналық комиссияның өткізілу кезеңінде маман-дәрігерлерді және
медициналық бибілерді негізгі жұмыс орындары бойынша лауазымы мен
жалақысын сақтай отырып атқаратын міндеттерінен босатсын;

3) "Орталық аурухана" Коммуналдық Мемлекеттік Қазынашылық
Кәсіпорынына Қаражал қалалық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің
жолдамасымен келген барлық әскерге шақырылушыларға міндетті түрде кеуде
клеткасы органдарының флюорографиясын, электрокардиограммаға түсіру,
несеп, қан анализдерін өткізіп, қан тобын анықтап берсін.

5. Қаражал қалалық ішкі істер бөлімінің бастығына (Қ.С. Тәттімбеков келісім
бойынша) өз құзырының шеңберінде ұсынылсын:

1) Қаражал қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен бірлесе
отырып шақыру учаскесінде, жөнелту станциясында, қалалық жинау пунктінде
тәртіпті қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

2) әскери міндетін орындаудан бас тартқан тұлғаларды іздестіруді және
ұстауды жүзеге асыру;

3) әскери қызметке шақырудан бас тартқан тұлғалардың жеткізілуін
қамтамасыз ету үшін мынадай құрамда іздестіру тобын құру:

Исабаев Серік - Келісім-шарт бойынша әскери
Қабдаллаұлы қызметшілерді жинақтау және әскери
қатарына шақыру бөлімшесінің
бастығы, іздестіру топтың басшысы;

ІЗДЕСТІРУ ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ:

қалалық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері:

Сәрсекеев Болат - Қалалық ішкі істер бөлімінің қоғамдық
Балғабайұлы қауіпсіздік бөлімінің бастығы;
Есенбеков Нұрым - Қалалық ішкі істер бөлімінің
Рахымбайұлы криминалдық полиция бөлімінің
бастығы.

6. 2009 жылғы көктемгі, күзгі шақыру медициналық комиссиясының өткізу кестесі бекітілсін (N 1, 2 қосымшаға сәйкес).

7. Шақыру комиссиясын өткізу кезеңінде қоғамдық тәртіптің сақталуы үшін шақыру учаскесіне жауапты учаскелік инспекторлар бөлінсін. Әскерге шақырушыларды облыстық жиын пунктіне жөнелту кезеңінде қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің аумағында және "Қаражал" стансасының теміржол вокзалына тәртіпсіздік пен мүліктің бүлінуін болдырмау үшін қадағалау патрульдерін ұйымдастырсын. Он адамнан асатын командаларды жөнелту кезінде полиция қызметкерлерінің қатарынан еріп жүретін қызметкер бөлінсін.

8. Жәйрем және Шалғы кенттерінің әкімдері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне кезекті шақырылуға жататын, шақырылуы кейінге қалдыруға құқығы жоқ әскерге шақырылу жасындағы азаматтардың 100 % келуін қамтамасыз етсін. Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 18 бабының 3 тармағы негізінде келмегендерді Қаражал қалалық Қорғаныс істер жөніндегі бөліміне жеткізу үшін учаскелік инспекторларды тарта отырып, тұратын жерлері бойынша іздестіруді ұйымдастырсын.

9. "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (Н. Гармашова) шақыру жұмыстарын дайындау мен өткізуді қамтамасыз ету үшін Қаражал қалалық Қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің қарамағына қоғамдық жұмыстарға жұмыссыздарды бөліп берсін:

- 1) техникалық қызметкер - 2 адам (көктемде – 1 адам, күзде - 1 адам);
- 2) курьер – 2 адам (көктемде – 1 адам, күзде - 1 адам).

Жәйрем кентінің әскери есеп үстелінің бастығының қарамағына:

- 1) техникалық қызметкер - 4 адам (көктемде – 2 адам, күзде - 2 адам);
- 2) курьер – 2 адам (көктемде – 1 адам, күзде - 1 адам).

10. Қаражал қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (А.Н. Әлмағанбетов келісім бойынша) шақыру аяқталған соң қала әкіміне оның қорытындылары туралы а қ п а р а т та п с ы р с ы н .

11. Қаражал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 10 сәуірдегі "1981-1990 жылдары туған Қазақстан Республикасының азаматтарын 2008 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскери қызметке шақыруды жүргізу туралы" N 118 қаулысының (2008 жылғы 30 сәуірдегі мемлекеттік тіркеу нөмері 8-5-54,

12. Осы қаулының орындалуын бақылау Қаражал қаласы әкімінің орынбасары 3. Оспановаға жүктелсін.

Қаражал қаласының әкімі Ғ.М. Мұқашев
КЕЛІСІЛДІ:

2009 ж. 14 мамыр

2009 ж. 14 мамыр

**2009 жылғы көктемгі шақыру медициналық комиссиясының өткізу
КЕСТЕСІ**

[illegible]

[illegible]

**2009 жылғы күзгі шақыру медициналық комиссиясының өткізу
КЕСТЕСІ**

	16 10	19 10	20 10	21 10	22 10	23 10	26 10	27 10	28 10	29 10	30 10
Каражал қаласы	25	25					25		25		25
Жәйрем кенті			25	25	25	25		25		25	
Шалғы кенті											
Жалпы саны	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25
Елді мекендердің атауы	Өткізетін айы және күндері										
	02 11	03 11	04 11	05 11	06 11	09 11	10 11	11 11	12 11	13 11	16 11
Каражал қаласы	25			25	25	25	25			25	
Жәйрем кенті		25	25					25	25		25
Шалғы кенті											
Жалпы саны	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25
Елді мекендердің атауы	Өткізетін айы және күндері										
	17 11	18 11	19 11	20 11	23 11	24 11	25 11	26 11	27 11	30 11	01 12
Каражал қаласы	25	25					25		25		25
Жәйрем кенті			25	25	25	25		25		25	
Шалғы кенті											
Жалпы саны	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25
Елді мекендердің атауы	Өткізетін айы және күндері										
	02 12	03 12	04 12	07 12	08 12	09 12	10 12	11 12			
Каражал қаласы	25			25	25	25	25				
Жәйрем кенті		25	25					25			
Шалғы кенті											
Жалпы саны	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25
Елді мекендердің атауы	Өткізетін айы және күндері										
	14 12	15 12	18 12	21 12	22 12	23 12	24 12	25 12			
Каражал қаласы		25		25	25						
Жәйрем кенті	25		25			25	25	25			
Шалғы кенті											
Жалпы саны	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25	25